

Гүлнұр Мақұлбаева¹, Жұлдыз Давлетбаева²,
Жанерке Кочигит³, Айдана Мақұлбаева⁴

¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының доценті, PhD
e-mail: gulnur.makulbayeva@alumni.nu.edu.kz

²Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының профессоры, PhD
e-mail: zdavletbayeva@gmail.com
(Астана, Қазақстан)

³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университетінің докторанты
e-mail: zhanerke.kairat@gmail.com
(Астана, Қазақстан)

⁴Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
e-mail: aidanamakulbayeva@gmail.com
(Астана, Қазақстан)

ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КАПИТАЛ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІК

Аңдатпа. Роберт Патнам ұсынған этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік капитал (әлеуметтік сенім және нетворкинг) арасындағы теориялық тұжырымға сүйеніп, этникалық әртүрлілік сенімнің төмендеуіне және АҚШ контекстінде нетворкингтың құлдырауына әкеледі деп санайды. Салдарынан жеке адамдар тасбакадай қабығына тығылып, қоғамдық өмірден алшақтайды. Бұл мақала этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік сенім мен нетворкингтың Қазақстандағы ара-қатынасын зерттеуге бағытталған. Зерттеуде Дүниежүзілік құндылықтар деректері (2018-2020) және Қазақстанның Ұлттық статистикалық бюросы деректері қолданылады. Мақалада Этникалық әртүрліліктің Хиршман-Херфиндаль индексі есептеу арқылы Қазақстан аймақтары этникалық біртекті және гетерогенді аймақтарға бөлінген. Сонымен қатар, Қазақстанның 14 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаласы бойынша әлеуметтік сенім мен нетворкинг туралы деректер Дүниежүзілік құндылықтар зерттеуінен алынған. Этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік сенім/нетворкинг арасындағы байланыс корреляциялық талдау арқылы зерттеледі. Нәтижесінде этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік сенім кері байланыста екені көрсетіледі, ал нетворкинг пен этникалық әртүрлілік арасында статистикалық тұрғыда тұрақты байланыс жоқ екені көрсетіледі.

Түйін сөздер: әлеуметтік капитал, қоғамдық сенім, нетворкинг, азаматтық қоғам, этникалық әртүрлілік.

Гүлнұр Мақұлбаева, Жұлдыз Давлетбаева, Жанерке Кочигит,
Айдана Мақұлбаева

СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ И ЭТНИЧЕСКОЕ РАЗНООБРАЗИЕ
В РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Роберт Патнэм утверждает, что этническое и расовое разнообразие приводит к подрыву доверия и снижению нетворкинга в американском контексте. В результате люди затаиваются, как черепахи, и отстраняются от социальной жизни. Цель этой статьи - изучить, снижает ли этническое разнообразие социальное доверие и нетворкинг в Казахстане. В исследовании используются данные Всемирного исследования ценностей (2018–2020 гг.) и Национального бюро статистики Казахстана. В статье регионы Казахстана разделены на этнически однородные и неоднородные посредством расчета индекса этнического разнообразия Хиршмана-Херфиндаля. Также, данные о социальном доверии и нетворкинге получены из Всемирного обзора ценностей для 14 регионов и 3 городов республиканского значения в Казахстане. Связь между этническим разнообразием и социальным доверием/нетворкингом измеряется с помощью корреляционного анализа. Результаты показывают, что этническое разнообразие отрицательно связано с социальным доверием, тогда как нетворкинг не коррелирует с этническим разнообразием в местном контексте.

Ключевые слова: *социальный капитал, общественное доверие, нетворкинг, гражданское общество, этническое разнообразие.*

**Gulnur Makulbayeva, Zhuldyz Davletbayeva, Zhanerke Kochiigit,
Aidana Makulbayeva**
**SOCIAL CAPITAL AND ETHNIC DIVERSITY IN REGIONS
OF KAZAKHSTAN**

Abstract. Robert Putnam argues that ethnic and racial diversity leads to a decline in trust and networking in the American context. As a result, people “hunker down like turtles” and withdraw from social life. The purpose of this article is to examine whether ethnic diversity reduces social trust and networking in Kazakhstan.

The study uses data from the World Values Survey (2018–2020) and the National Bureau of Statistics of Kazakhstan. The regions of Kazakhstan were classified as ethnically homogeneous or heterogeneous based on the calculation of the Hirschman–Herfindahl index of ethnic diversity. Data on social trust and networking were obtained from the World Values Survey for 14 regions and 3 cities of national significance in Kazakhstan.

The relationship between ethnic diversity and social trust/networking was measured using correlation analysis. The results show that ethnic diversity is negatively associated with social trust, whereas networking does not correlate with ethnic diversity in the local context.

Keywords: *social capital, public trust, networking, civil society, ethnic diversity.*

Кіріспе

Әлеуметтік капитал, соның ішінде әлеуметтік сенім және нетворкинг, экономикалық дамудың негізгі факторы болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік капитал институттардың тиімділігіне әсер етеді [1, 2]. Әлеуметтік сенім кез келген топқа немесе ұйымға тиімдірек жұмыс істеуге мүмкіндік беретін дәнекер құрал ретінде қарастырылады [2]. Осы тұжырымға сүйене отырып, Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық ұйымдар посткоммунистік елдерде әлеуметтік сенім мен көлденең байланыстарды дамыту үшін қоғамдық жобаларды қаржыландырды

[3]. Қазақстан 2050 жылға қарай дамыған 30 елдің қатарына қосылу және «Жаңа Қазақстанды» құру сияқты өршіл экономикалық және саяси мақсаттар қойды. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін мемлекет Қазақстанда қоғамдық-саяси реформаларды жүзеге асыруда. Мақсатқа жету үшін стратегиялық бағдарламалар мен нысаналы индикаторлардан басқа, әлеуметтік капиталды дамытудың маңызы да зор. Себебі, барлық реформалардың сәтті жүзеге асуы тұлғааралық ынтымақтастыққа, әлеуметтік бірлікке, қоғамның әртүрлі деңгейлеріндегі бірлескен әрекеттерге тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуі мен дамуы басқа факторлармен қатар әлеуметтік капиталға да байланысты.

Әлеуметтік капитал азаматтарды әртүрлі институттар арқылы мемлекетпен өзара қарым-қатынас құруға тартатын құрал болып табылады. Мысалға мемлекет енгізген қоғамдық кеңестер мен көпшіліктің қатысуымен жүзеге асатын қоғамдық бюджеттеу сияқты шараларды келтіруге болады. Оның үстіне, Қазақстандағы басқа да әлеуметтік институттар сияқты әлеуметтік капитал да мемлекеттік аппараттың тиімді жұмыс істеуінің іргетасы болып табылады.

Батыс елдерімен салыстырғанда посткеңестік мемлекеттерде әлеуметтік капитал шектеулі [4, 5]. Сол себепті зерттеушілер азаматтық қоғам ұйымдарындағы әлеуметтік сенім мен көлденең байланыстардың (мысалы, партияның мүшесі болу) төмендігінің себептеріне жан-жақты талдау жүргізеді. Зерттеу жұмыстарының біразы посткеңестік елдердегі әлеуметтік сенімнің төмендігін кеңестік дәуірдің мұрасымен байланыстырады [6, 7]. Атап айтқанда, Говардтың айтуынша, азаматтық қоғам ұйымдарына кіру көбіне мәжбүрлі түрде жүзеге асады, себебі ол кеңестік кезеңмен байланысты [6]. Біріншіден, кеңес дәуірінде азаматтар азаматтық ұйымдарға мәжбүрлі түрде кірген, бірақ салдарынан қазір сондай ұйымдарға сенім жоқ. Екіншіден, халық тұтынатын тауарлардың тапшылығына байланысты кеңес дәуірінің азаматтары тауарлар мен қызметтерді алуы үшін таныс, байланыс іздеуге мәжбүр болды. Бұл бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан бейресми байланыс желілерінің құрылуына әкелді, сондықтан азаматта волонтерлік клубтар мен үкіметтік емес ұйымдар сияқты ресми көлденең ұйымдарға қатысудың қажеті жоқ деп санайды [6]. Посткоммунистік елдерде нетворкингтің төмен деңгейде болуының тағы бір себебі әлеуметтік капиталдың бір түрі- bonding social capital - өте жоғары, яғни кландар, отбасылар және туыстық желілердің басым болуы [4, 8, 9]. Мысалы, Оңтүстік Кавказда туыстық желілер әлеуметтік қолдау ретінде қызмет етеді және топшілік өзара әрекеттесуді жеңілдетеді, сондықтан азаматтық ұйымдарға қатысуға қызығушылық та төмен болады [4]. Яғни, үлкен отбасылар арасындағы тұрақты қарым-қатынасқа негізделген берік туыстық байланыстар әлеуметтік қатысу мен азаматтық белсенділікке деген қажеттілікті азайтады. Бұл жайлы Сабсфорд пен Эбботт посткоммунистік қоғамдарда ең үлкен сенім туыстар мен достар (жеке сенім) арасында екенін көрсетеді, жалпы адамдарға деген сенім аз және саяси институттарға деген сенім ең төмен деңгейде екенін көрсетеді [10].

Сонымен қатар, Путнам әлеуметтік капиталдың төмен деңгейін белгілі бір елдегі этникалық және нәсілдік әртүрлілікпен түсіндіруге болады деп болжайды. Оның пікірінше, АҚШ контекстінде этникалық және нәсілдік біркелкі емес жүйе әлеуметтік капиталды төмендетеді, бұл өз кезегінде азаматтардың «тасбақа секілді қабығына тығылып қалуына» және қоғамдық өмірден толығымен кетуіне себебін тигізеді [11]. Қазақстанда шамамен 130 этникалық топ тұрады, сондықтан Қазақстан контекстінде де этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік капитал арасындағы байланысты зерттеу өзекті мәселе [12]. Үкімет еліміздің этникалық құрамына ерекше көңіл бөледі, ұлтаралық келісімді, бейбітшілік пен ұлттық бірлікті нығайту мақсатында «Мәңгілік Ел» сияқты түрлі бағдарламаларды жүзеге асырды. Бұл әлеуметтік бірлік пен әлеуметтік капитал үшін этникалық құрамның маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан этникалық әртүрліліктің Қазақстандағы әлеуметтік капиталға қаншалықты әсер ететінін зерттеу маңызды. Бұл зерттеу Қазақстандағы аймақтық деңгейде этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік капитал арасындағы байланысты ашуға бағытталған алғашқы ғылыми жұмыс болып табылады.

Әдебиетке шолу

Путнамның АҚШ-тағы зерттеулеріне сүйенсек, этникалық біртектіліктің азаматтық қоғам ұйымдарындағы нәсілдераралық сеніммен және көлденең байланыстармен (яғни, нетворкинг) оң корреляциясы бар екендігі көрсетілген [11]. Дәлірек айтқанда, Путнам этникалық әртүрлілік Америкадағы әлеуметтік көлденең байланыстар деңгейін де, әлеуметтік сенімді де төмендетеді деп санайды [11]. Бұл азаматтар қоғамдық өмірден алшақтап, «тасбақа секілді қабығына тығылып қалу» («hunkering down like turtles») тезисі ретінде белгілі болды, яғни өз қабығына кіріп, тұйылып қалу деген мағынаны береді [11]. Бұл әр түрлі этникалық қауымдастықтарда тұратын азаматтар арасында ынтымақтың азайып, достардың азайып, әлеуметтік байланыстар мен тұлғааралық сенімнің әлсіреуін білдіреді.

Ғылыми әдебиетте «тасбақа секілді қабығына тығылып қалу» тезисін растайтын дәлелдер көп. Халықаралық деңгейді қамтитын зерттеулер Путнамның тезисін растай отырып, гетерогенді елдерде сенімнің төмен екенін көрсетеді [13] немесе сенім этникалық әртүрлі қоғамдарға қарағанда біртекті этникалық қоғамдарда айтарлықтай жоғары болатынын көрсетеді [14, 15]. Зерттеушілердің пікірінше, Нидерландтағы аудандарда этникалық тығыз шоғырлану қоғамдық бірлік (ынтымақтастық) немесе әлеуметтік капитал деңгейімен тығыз байланыста екенін көрсетіледі [16]. Нидерландыдағы тағы бір зерттеу «тасбақа секілді қабығына тығылып қалу» тезисін қолдайды. Мұнда этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік капитал арасындағы қарым-қатынасты зерттеу мақсатында Нидерландының 50 ірі қаласында әлеуметтік бірігудің төрт өлшемін (сенім, бейресми көмек, ерікті жұмыс және көршілес байланыстар) зерттеген және нәтижесінде азаматтар арасында «тасбақа секілді қабығына тығылып қалу» үрдісі бар екені анықталынған [17].

Еуропа елдеріне бағытталған кейбір зерттеулерге назар аударсақ, этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік капитал арасындағы кері корреляция расталмайды [18, 19]. Мысалы, Германиядағы және оның аудандарындағы этникалық құрамның әлеуметтік өзара әрекеттесу сапасына әсер етпейтіні анықталған [20]. Неміс ауданында бес жыл тұрған азаматтардың әлеуметтік байланыстары айтарлықтай нығайған, сондықтан азаматтардың этникалық құрамы әлеуметтік капиталға айтарлықтай әсер етпейді деген тұжырым жасалған [20].

Посткеңестік кезеңдегі қоғамның дамуын зерттеуге бағытталған әдебиетте де Путнамның «тасбақа секілді қабығына тығылып қалу» тезисі зерттелген [21, 22, 23]. Раднитц, Татарко және т.б. зерттеушілер посткеңестік қоғамдардағы Путнам гипотезасын ішінара жоққа шығарады, алайда олардың этникалық әртүрлілік өлшемдері әртүрлі болды [21, 23]. Раднитц этникалық әртүрліліктің үш прокси индикаторын пайдаланды: этникалық фрагментация индексі, мәдени фрагментация индексі (бірде-бір этникалық топ демографиялық жағынан басым болмаса, мәдени қашықтық жоғары болады) және елуде-елуге бөлу [21]. Раднитц этникалық әртүрліліктің бір ғана аспектісін көрсететін мәдени қашықтық өлшемі негізінде Путнамның «тасбақа секілді қабығына тығылып қалу» гипотезасын жоққа шығарады.

Өз кезегінде, Татарко Ресейдегі зерттеулерінде этникалық әртүрліліктің жалпылама сенім мен көлденең байланыстарға әсер етпейтінін көрсетеді [23]. Татарко мен Раднитц херфиндаль индексінің көмегімен этникалық әртүрлілікті есептейді [21, 23]. Нәтижесінде, олар сенім мен этникалық әртүрлілік арасында байланыс жоқ екенін, қоғамдық әлеуметтену (ресми ұйымдарға қатысу) мен этникалық әртүрлілік арасында да байланыс жоқ екенін анықтайды. Алайда этникалық әртүрлілік пен бейресми әлеуметтену (яғни бейресми әлеуметтік желілер) арасында оң байланыс бар екенін көрсетеді [23]. Ғалымдар мұны этникалық әртүрліліктің тұрақты сипатқа ие болуымен түсіндіреді, өйткені тіпті жаңа келген иммигранттардың өзі Ресейде «шетелдіктер» емес, бұрынғы Кеңес Одағынан келген азаматтар деп қарастырылады.

Бахридің және т.б. зерттеушілердің зерттеулері жоғарыда аталған нәтижелерден айырмашылығы бар, себебі бұл зерттеулер Ресейдегі ішкі және топ аралық сенімді және «инклюзивті сенімді» назарға алу керектігін ұсынады (өз ұлтына да, басқаларға да сенім) [22]. Татарстан мен Якутия контекстінде зерттеушілер сенімнің бірнеше түрін ажыратты: жалпылама сенім (көп адамдарға сенуге болады), өзара сенім (көршілерге сенім), топ ішілік сенім (татарларға, якуттарға сенім) және топаралық сенім (орыстарға сенім). Зерттеу нәтижелері топ ішіндегі және топ аралық сенімнің жоғары деңгейін көрсетті (татарлардың 90%-дан астамы орыстарға сенеді). Бұл нәтиже этникалық әртүрлілік ішкі және топ аралық сенімді төмендететін Путнамның АҚШ-тағы тұжырымдарынан өзгешеленеді. Дегенмен, Бахри және т.б. тұжырымдамасы бойынша, басқа этникалық топтарға деген сенім айтарлықтай жоғары емес (мысалы, татарлардың 11–24%-ы шешендерге сенеді), ал белгілі бір сыртқы топпен байланыс (бұл жағдайда орыстар) топаралық сенімді арттырудың негізгі факторы болып табылады [22].

Осылайша, этникалық әртүрлілік пен сенім арасындағы қарым-қатынастың түрлі контекстте және жергілікті жағдайды ескергенде әлдеқайда күрделі екенін көруге болады. Қазақстанға қатысты зерттеулер мынадай үрдісті көрсетеді. Қазақтар орыстарды этникалық жағынан өзіне жақын (57,6%) этнос ретінде қарастырады, ал салыстырмалы түрде қарастырғанда мемлекеттік қолдау бағдарламасы бойынша Қазақстанға оралған қандастармен ортақтық небары 19% құрайды екен [24, 25].

Орталық Азияда бұл бағыттағы зерттеулер әлеуметтік капиталдың азаматтардың субъективті әл-ауқатына әсерін [9], сондай-ақ әлеуметтік капиталға әсер ететін факторларды зерттеуге арналған [26]. Раднитзтың зерттеуіне сай, мәдениет әлеуметтік капитал көрсеткіштеріне әсер етпейді. Алайда адамдардың бір-біріне ықыластығы мен көмекке әзірлігін қабылдауы (қабылдау деңгейі) сенімнің жоғары деңгейімен оң байланыста екенін көрсетеді [26]. Әлеуметтік капиталға байланысты тағы бір зерттеу жұмысы әлеуметтік капиталдың Қазақстандағы қоғамдық кеңестердің тиімділігіне әсерін айқындайды және әлеуметтік сенім мен ынтымақтастық нормаларының институттардың тиімділігіне оң әсер ететінін дәлелдейді [5]. Осы зерттеуге сай, Дарменова мен Коо әлеуметтік капиталдың жергілікті қауымдастықтардың тұрақтылығына қалай ықпал ететінін және қазіргі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеттесуді жеңілдететінін көрсетеді [27]. Дегенмен, осы уақытқа дейін Орталық Азия мемлекеттерінде этникалық әртүрліліктің әлеуметтік капиталға әсерін түсіндіретін ғылыми зерттеулер жеткіліксіз болып табылады.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде Қазақстанның 2021 жылға арналған Ұлттық бюросының ақпараты негізінде Қазақстанның аймақтық этникалық құрамы туралы деректері пайдаланылды (1-кесте). Зерттеуде этникалық әртүрлілікті өлшеуге арналған танымал тәсіл қолданылды [1, 21, 28]. Атап айтқанда, этникалық әртүрліліктің Хиршман-Херфиндаль индексі пайдаланылды және ол келесідей есептелінді. Этникалық әртүрлілік индексі 0-ден (этникалық біртектілік) 1-ге дейін (этникалық біркелкі емес) ауытқиды және кездейсоқ таңдалған екі адамның әртүрлі этникалық топтарға жату ықтималдығы ретінде түсіндіріледі. Мысалы, 1-кестеде Қызылорда облысының этникалық әртүрлілік индексі 0,06-ға тең, бұл кездейсоқ таңдалған екі адамның әртүрлі этностарға жату ықтималдығы өте төмен – бар болғаны 6% екенін білдіреді. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 0,62 құрайды, бұл екі адамның әртүрлі этностарға жататынының жоғары ықтималдығын (62%) көрсетеді. Хиршман-Херфиндаль тәсіліне сәйкес этникалық әртүрлілік индексі 0,5-тен төмен аймақтар этникалық біртекті, ал 0,5-тен жоғары аймақтар этникалық гетерогенді болып саналады.

Зерттеуде Қазақстандағы әлеуметтік сенім (жалпы және жеке) және желілік өзара әрекеттестікті өлшеу үшін әлемдік құндылықтар сауалнамасынан (2018–2020) алынған деректер пайдаланылды. Таңдау көлемі 1276 респондентті құрады [29]. Деректерді жинау аймақ пен респонденттердің тұрғылықты жері бойынша стратификацияланған

көп сатылы іріктеу процедурасы арқылы жүргізілген. Қатысушылардың 59,2%-ы қалада, 40,8%-ы ауылдық жерлерде тұрады. Сонымен қатар, респонденттердің 54,7% әйелдер және 45,3% ерлер [29].

Өлеуметтік сенімді өлшеу үшін «Алғаш рет кездескен адамдарға сенесіз бе?» және «Сіз өзіңіз танитын адамдарға сенесіз бе?» деген сұрақтар қойылды. Нетворкингті өлшеу үшін екі сұрақ пайдаланылды: «Саяси партиялардың мүшесі болу» және «Өнер, музыка және білім беру саласына қатысты ұйымдардың мүшесі болу» [29]. Әрбір аймақ бойынша жиынтық деректер жиналды және Stata бағдарламасы арқылы Хиршман-Херфиндаль индексімен корреляциялық талдау жасалынды.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстанның кейбір аймақтары этникалық әртүрлілігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, солтүстік және шығыс өңірлер басқа аймақтармен салыстырғанда этникалық құрамы жағынан әртүрлі (1-кестені қараңыз). Этникалық әртүрліліктің бұл көрсеткіші титулдық этникалық топтың үлесін есепке алатын қарапайым «көпшілік-азшылық» тәсіліне негізделген [30].

1-кесте. Этникалық топтар бойынша Қазақстан халқының саны және авторлар есептеген Хиршман-Херфиндаль индексі:


		%	
		қазақтар	Херфин даль индексі
Қазақстан	18 879 552	69	0,48
Ақмола облысы	735 566	52,28	0.61
Ақтөбе облысы	894 333	83,77	0.28
Алматы облысы	2 077 967	72,58	0.44
Атырау облысы	657 110	92,860708	0.13
Батыс Қазақстан облысы	661 316	77,280453	0.36
Жамбыл облысы	1 139 192	73,082501	0.45
Қарағанды облысы	1 375 938	52,910596	0.59
Қостанай облысы	864 550	41,499508	0.65
Қызылорда облысы	814 588	96,423959	0.06
Маңғыстау облысы	719 571	91,401821	0.16
Павлодар облысы	751 012	53,634829	0.59
Солтүстік Қазақстан облысы	543 735	35,50314	0.62
Түркістан облысы	2 044 742	75,833235	0.39
Шығыс Қазақстан облысы	1 363 797	61,535991	0.5
Астана	1 184 411	80,388311	0.33
Алматы	1 977 258	62,386952	0.55
Шымкент	1 074 466	68,136544	0.49

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы (2021).

Ескерту: Этникалық біртекті аймақтар көк түспен белгіленген.

Қазақстан бойынша жалпы этникалық әртүрлілік индексі 2021 жылы 0,48 құрады. Салыстыру үшін, 2009 жылы бұл көрсеткіш 0,69 болды, бұл Қазақстанда соңғы онжылдықтарда орын алған этникалық¹ гомогенизация процестерін көрсетеді (1-кестені қараңыз).

1-сурет. Қазақстандағы этникалық әртүрлілік индексі



Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросының (2021) деректеріне негізделген авторлардың есептеулері.

Этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік капиталдың құрамдас бөліктері арасындағы қарым-қатынасты зерттемес бұрын, біз Қазақстандағы мемлекеттік емес, аймақтық немесе жергілікті деңгейде әлеуметтік капиталдың көлеміне назар аударамыз (2-кестені қараңыз).

2-кесте. Қазақстанның аймақтары бойынша әлеуметтік капиталдың болуы

	Жалпы сенім «Сіз бірінші рет кездескен адамдарға» толық сенесіз, респонденттердің %	Жеке сенім «Сенім: сіз өзіңіз білетін адамдарға» толық сенесіз, респонденттердің %	Нетворкинг: Өнер, музыка және білім беру ұйымдарының мүшесі болу Белсенді және белсенді емес мүшесі болу %
Ақмола обл.	1,8	10,5	10,6
Ақтөбе обл.	1,7	23,7	6,8
Алматы обл.	2,2	24,1	9,2
Атырау обл.	9,5	14,3	40
Батыс Қазақстан обл.	0	9,1	2,3
Жамбыл обл.	0	4,1	5,5

¹ Этникалық гомогенизация деген ұғым бір этнос өкілдерінің саны басымдық танытып жатқанын білдіреді.

Қарағанды обл.	0	8,8	24,5
Қостанай обл.	5,9	23,5	16,2
Қызылорда обл.	5,2	8,6	20,7
Маңғыстау обл.	4,7	27,9	2,3
Павлодар обл.	0	25,8	17,7
Солтүстік Қазақстан обл.	0	0	9
Түркістан обл.	1,8	10,5	8,8
Шығыс Қазақстан обл.	1	11,4	34,2
Астана	5,7	15,7	2,9
Алматы	0,7	14,8	6,6
Шымкент	4,8	9,7	11,3

Дереккөз: [29]

Сондай-ақ, этникалық әртүрлілік пен әлеуметтік капитал арасындағы байланысты талдау үшін Херфиндаль индексі (1-кесте) және Әлемдік құндылықтар сауалнамасының деректерін қолданамыз [30]. Алынған деректер бірінші рет кездескен адамдарға толық сенетін респонденттердің үлесі мен Херфиндаль индексі арасындағы статистикалық маңызды теріс корреляцияны көрсетеді (3-кесте, 2-сурет).

Әлеуметтік капиталдың қосымша көрсеткіштері — таныс адамдарға сенім, саяси партиялардың мүшесі болу және өнер, музыка және білім берумен байланысты ұйымдардың мүшесі болу — олардың барлығы статистикалық маңызды емес болса да, Херфиндаль индексімен теріс корреляцияны көрсетеді (3-кесте).


3-кесте. Херфиндаль индексінің әлеуметтік капиталдың құрамдас бөліктерімен байланысы

	Бірінші рет кездескен адамдарға сену «Толық сенім» таңдаған респонденттердің %	Өзіңіз білетін адамдарға сенім «Толық сенім» таңдаған респонденттердің %	Саяси партияның мүшесі болу; Белсенді және белсенді емес мүшесі болу, респонденттердің %	Өнер, музыка және білім беру ұйымдарының мүшесі болу Белсенді және белсенді емес мүшесі болу, респонденттердің %
Херфиндаль индексі	-0.5639** 0.0209	-0.1576 0.5512	-0.4944* 0.0516	-0.1005 0.7110

Дереккөз: [29, 36]

*Ескерту: *** $p < 0.01$, ** $p < 0.05$, * $p < 0.1$.*

2-сурет. Қазақстан аймақтары бойынша жалпы әлеуметтік сенім деңгейі мен этникалық біркелкіліктің Херфиндаль индексі арасындағы корреляциясы



Дереккөз: Әлемдік құндылықтарды зерттеу (2017–2020), Қазақстанның Ұлттық статистика бюросы (2021). $r = -0,5639$, 95% деңгейінде статистикалық маңызды.

Жалпы есеппен, корреляциялық талдау жалпы әлеуметтік сенім деңгейі мен этникалық гетерогенділік арасындағы теріс корреляцияны көрсетеді. Дәлірек айтқанда, Қазақстанда этникалық әртүрлі аймақтары жалпы әлеуметтік сенімнің төмен деңгейімен сипатталады.

Сонымен қоса, әлеуметтік капиталды толықтай қамту үшін, көршілік байланыстарды да қарастырса болады. Төмендегі кесте бойынша этникалық гомогенді аймақтарда этникалық гетерогенді аймақтармен салыстырғанда көршіге сенім жоғары. Мысалы, Солтүстік Қазақстан өңірін алып қарасақ, толығымен сенетін респондент мүлдем болмаған. Ал, Түркістан аймағында ол көрсеткіш 37.7% құрайды (4-кесте).

4-кесте. Қазақстан аймақтарындағы көршілік байланыстар бойынша сенім көрсеткіштері

	Толығымен сенемін %	Біраз сенемін %	Онша сенбеймін %	Толығымен сенбеймін %	Білмеймін %
Алматы	23	54.1	18.5	3.7	0.7
Астана	14.3	51.4	22.9	10.0	1.4
Алматы облысы	23.4	37.2	29.2	10.2	-
Ақмола	10.5	70.2	17.5	1.8	-
Ақтөбе	20.03	66.1	13.6	-	-
Атырау	19	50	26.2	48	-
Батыс Қазақстан	9.1	70.5	18.2	2.3	-
Маңғыстау	16.3	58.1	20.9	2.3	-

Түркістан	37.7	41.2	11.4	8.8	-
Павлодар	16.1	64.5	17.7	-	-
Қарағанды	8.8	53.9	32.4	3.9	-
Қостанай	20.6	36.8	33.8	8.8	-
Солтүстік Қазақстан	-	54.5	36.4	-	-
Қызылорда	27.6	67.2	5.2	-	-
Шығыс Қазақстан	10.5	54.3	45.7	7.6	1.9
Шымкент	8.1	43.5	30.6	17.7	-
Жамбыл	18.9	58.1	17.6	4.1	1.4

Дереккөз: [29]

Қорытынды

Путнамның этникалық әртүрлілік және әлеуметтік капитал туралы зерттеулері ең алдымен АҚШ контекстінде иммиграциядан (қысқа мерзімді процесс ретінде) туындайтын этникалық әртүрлілікке бағытталған [1]. Қазақстанның этникалық әртүрлілігі бұрыннан бар болса да, бұл зерттеу 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері оның эмиграция және иммиграциялық процестер арқылы одан әрі өзгергенін дәлелдейді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қоныс аудару, әсіресе, орыстар, украиндар, өзбектер, татарлар, белорустар, немістер арасында байқалды [31, 32]. Қазақстандағы эмиграция динамикасының өңірлік ерекшеліктері бар: 2003 жылдан бастап эмиграция деңгейі қарқынды дамып келе жатқан қалаларда (Астана, Алматы, Атырау), сондай-ақ еліміздің оңтүстік және батыс өңірлерінде төменірек байқалады [32]. Бұл ретте Қазақстанның солтүстік және шығыс облыстарынан эмиграцияның ауқымы (2000 жылдардан бастап біршама баяулауына қарамастан) жоғарыда аталған қалалар мен облыстармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болып қалуда [32].

Қазақстаннан өзге ұлттың өкілдері қоныс аударып кетіп жатыр, сонымен қатар көршілес мемлекеттерден қандастар да көшіп келіп жатыр [33]. Оның үстіне қазақтардың ішкі көші-қон процесі қарқынды жүзеге асып жатыр, оңтүстіктен солтүстікке қоныс аудару бойынша мемлекеттік бағдарламалар да бар [33]. 1991 жылдан бастап Қазақстан елеулі иммиграциялық және эмиграциялық процестерді бастан өткерді, астананың Алматыдан Астанаға көшуі ішінара еліміздің солтүстік облыстарында қазақтардың санын арттыруға түрткі болды [34]. Сонымен қатар, үкімет бұл аймақтардағы қазақ халқының үлесін арттыру мақсатында кейбір солтүстік және шығыс облыстардың әкімшілік шекараларын да өзгертті [35]. Осылайша, деректер Қазақстанның ұзақ мерзімді этникалық әртүрлілігі соңғы онжылдықтарда эмиграция, иммиграция және ішкі көші-қон процестерімен толықтырылғанын көрсетеді. Бұл Қазақстанның этникалық біркелкілігі тұрақты емес, динамикалық және үздіксіз процесс екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу әлеуметтік капитал мен этникалық әртүрлілік арасындағы теріс қатынас туралы Путнамның тезисін зерттейді. Ол тезисті жоққа шығарған Раднитц пен Татарконың тұжырымдарымен сәйкес келмейді [21,

23]. Бұл зерттеу, Путнамның жалпы әлеуметтік сенім (95% маңыздылық деңгейінде) этникалық әртүрлілікпен кері байланыста деген гипотезасын қолдайды. Яғни, этникалық әртүрлілік көрсеткіші артқан сайын адамдар арасындағы сенім де төмендей береді. Бұл қазіргі Қазақстандағы көші-қон саясатын жүргізуде ескерілгені жөн. Әсіресе, оңтүстіктен солтүстік өңірлерге көшіп жатқан азаматтарды араластырып шоғырландыру және олардың жергілікті халықпен араласуына ықпал ету керек дегенді білдіреді. Яғни, оңтүстіктен немесе шетелден көшіп келген қандастарды солтүстік этникалық гетерогенді аймақтарда орналастыру кезінде арнайы саясат жүзеге асырылуы қажет. Мемлекет көшіп келгендерді жергілікті тұрғындармен араластырып шоғырландырғаны жөн. Жергілікті халықпен араласу үшін балаларға ортақ ойын алаңдарын, ортақ спорт кешендерін және іс-шара орындарын қарастырғаны дұрыс болады.

Қаржыландыру: Бұл зерттеу Мари Склодовска-Кюри бағдарламасының POLCA жобасының шеңберінде жүргізілді (Грант келісімінің идентификаторы: 101228676). Сонымен қатар, бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен №АП23490441 гранты бойынша жүзеге асырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Putnam R. D. Making Democracy Work. – Princeton: Princeton University Press, 1993.
2. Fukuyama F. The Great Disruption. – New York: Simon and Schuster, 1999.
3. Babajanian B. V. Social capital and community participation in post-Soviet Armenia: implications for policy and practice. *Europe-Asia Studies*. – 2008. – Vol. 60, No. 8. – P. 1299–1319.
4. Aliyev H. Civil society in the South Caucasus: Kinship networks as obstacles to civil participation. *Southeast European and Black Sea Studies*. – 2014. – Vol. 14, No. 2. – P. 263–282.
5. Makulbayeva G., Sharipova D. Social capital and performance of public councils in Kazakhstan. *Journal of Eurasian Studies*. – 2024. – Vol. 16, No. 2.
6. Howard M. M. Why post-communist citizens do not join voluntary organizations. In: Badescu G., Uslaner E. M. (eds.) *Social Capital and the Transition to Democracy*. – London: Routledge, 2004. – P. 165–183.
7. Uslaner E. M. Trust and civic engagement in East and West. In: Badescu G., Uslaner E. M. (eds.) *Social Capital and the Transition to Democracy*. – London: Routledge, 2004. – P. 95–108.
8. Kazantsev A. A. Social capital and development of civil society in Central Asia: A path dependency perspective. *Civil Society and Politics in Central Asia*. – London: Routledge, 2015. – P. 21–56.
9. Kudebayeva A., Sharipova A., Sharipova D. Social capital and subjective well-being in Central Asia. *Europe-Asia Studies*. – 2022. – Vol. 74, No. 1. – P. 101–124.
10. Sapsford R., Abbott P. Trust, confidence and social environment in post-communist societies // *Communist and Post-Communist Studies*. – 2006. – Vol. 39, No. 1. – P. 59–71.
11. Putnam R. D. E pluribus unum: Diversity and community in the twenty-first century. *Scandinavian Political Studies*. – 2007. – Vol. 30. – P. 137–174.
12. Kadyraliyeva A. M., Zholdubaeva A. K., Mukhanbet A., Isengalieva A. G. Origins of multiculturalism in Kazakhstan. *European Journal of Science and Theology*. – 2015. – Vol. 11, No. 4. – P. 213–224.
13. Knack S., Keefer P. Does social capital have an economic payoff? A cross-country investigation. *The Quarterly Journal of Economics*. – 1997. – Vol. 112, No. 4. – P. 1251–1288.
14. Alesina A. F., La Ferrara E. The determinants of trust // *National Bureau of Economic Research Working Paper*. – 2000. – No. 7621. – 46 p.
15. Costa D. L., Kahn M. E. Civic engagement and community heterogeneity: An economist's perspective. *Perspectives on Politics*. – 2003. – Vol. 1, No. 1. – P. 103–111.
16. Scheepers P., Schmeets H., Pelzer B. Hunkering down as disruption of community

- cohesion. *Procedia – Social and Behavioral Sciences*. – 2013. – Vol. 72. – P. 91–106.
17. Gijssberts M., Van der Meer T., Dagevos J. 'Hunkering down' in multi-ethnic neighbourhoods? *European Sociological Review*. – 2012. – Vol. 28, No. 4. – P. 527–537.
18. Hooghe M., Reeskens T., Stolle D., Trappers A. Ethnic diversity and generalized trust in Europe: A cross-national multilevel study. *Comparative Political Studies*. – 2009. – Vol. 42, No. 2. – P. 198–223.
19. Sturgis P., Brunton-Smith I., Read S., Allum N. Does ethnic diversity erode trust? Putnam's 'hunkering down' thesis reconsidered. *British Journal of Political Science*. – 2011. – Vol. 41, No. 1. – P. 57–82.
20. Dochow-Sondershaus S. Hunkering Down or Catching Up? No Long-Term Effect of Ethnic Minority Share on Neighborhood Contacts. *Sociological Science*. – 2024. – Vol. 11. – P. 965–988.
21. Radnitz S. The tyranny of small differences: The relationship between ethnic diversity and democracy in the former socialist bloc. *Demokratizatsiya*. – 2004. – Vol. 12, No. 4. – P. 575–606.
22. Bahry D., Kosolapov M., Kozyreva P., Wilson R. K. Ethnicity and trust: Evidence from Russia. *American Political Science Review*. – 2005. – P. 521–532.
23. Tatarko A., Mironova A., van de Vijver F. J. Ethnic diversity and social capital in the Russian context. *Journal of Cross-Cultural Psychology*. – 2017. – Vol. 48, No. 4. – P. 542–559.
24. Sharipova D., Burkhanov A., Alpeissova A. The determinants of civic and ethnic nationalisms in Kazakhstan: Evidence from the grass-roots level. *Nationalism and Ethnic Politics*. – 2017. – Vol. 23, No. 2. – P. 203–226.
25. Faranda R., Nolle D. B. Boundaries of ethnic identity in Central Asia: titular and Russian perceptions of ethnic commonalities in Kazakhstan and Kyrgyzstan. *Ethnic and Racial Studies*. – 2011. – Vol. 34, No. 4. – P. 620–642.
26. Radnitz S., Wheatley J., Zürcher C. The origins of social capital: Evidence from a survey of post-Soviet Central Asia. *Comparative Political Studies*. – 2009. – Vol. 42, No. 6. – P. 707–732.
27. Darmenova Y., Koo E. Towards local sustainability: Social capital as a community insurance in Kazakhstan. *Journal of Eurasian Studies*. – 2021. – Vol. 12, No. 2. – P. 113–121.
28. Putnam R. D. Diversity, social capital, and immigrant integration. *National Civic Review*. – 2009. – Vol. 98. – P. 3–5.
29. Haerper C. et al. World Values Survey Wave 7 (2017–2022) Cross-National Data-Set. – Version 4.0.0. – World Values Survey Association, 2022. DOI: 10.14281/18241.18.
30. Budescu D. V., Budescu M. How to measure diversity when you must // *Psychological Methods*. – 2012. – Vol. 17, No. 2. – P. 215–227. DOI: 10.1037/a0027129.
31. Oka N., Ieda O. The 'Triadic Nexus' in Kazakhstan: A comparative study of Russians, Uighurs, and Koreans. *Slavic Studies*. – 2004. – Vol. 51. – P. 158.
32. An G., Becker C. M. Uncertainty, insecurity, and emigration from Kazakhstan to Russia. *World Development*. – 2013. – Vol. 42. – P. 44–66.
33. Brubaker R. Nationalizing states revisited: projects and processes of nationalization in post-Soviet states. In: *Nationalism, ethnicity and boundaries*. – London: Routledge, 2014. – P. 177–203.
34. Dave B. *Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power*. – London: Routledge, 2007.
35. Faranda R., Nolle D. B. Ethnic social distance in Kyrgyzstan: evidence from a nationwide opinion survey // *Nationalities Papers*. – 2003. – Vol. 31, № 2. – P. 177–210.
36. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. 2021 жылға арналған ресми статистика. – Астана, 2021 ж.

REFERENCES:

1. Putnam R. D. *Making Democracy Work*. – Princeton: Princeton University Press, 1993.
2. Fukuyama F. *The Great Disruption*. – New York: Simon and Schuster, 1999.
3. Babajanian B. V. Social capital and community participation in post-Soviet Armenia: implications for policy and practice. *Europe-Asia Studies*. – 2008. – Vol. 60, No. 8. – P. 1299–1319.
4. Aliyev H. Civil society in the South Caucasus: Kinship networks as obstacles to civil participation. *Southeast European and Black Sea Studies*. – 2014. – Vol. 14, No. 2. – P. 263–282.
5. Makulbayeva G., Sharipova D. Social capital and performance of public councils in Kazakhstan. *Journal of Eurasian Studies*. – 2024. – Vol. 16, No. 2.
6. Howard M. M. Why post-communist citizens do not join voluntary organizations. In: Badescu G., Uslaner E. M. (eds.) *Social Capital and the Transition to Democracy*. – London: Routledge, 2004. – P. 165–183.
7. Uslaner E. M. Trust and civic engagement in East and West. In: Badescu G., Uslaner E. M. (eds.) *Social Capital and the Transition to Democracy*. – London: Routledge, 2004. – P. 95–108.

8. Kazantsev A. A. Social capital and development of civil society in Central Asia: A path dependency perspective. *Civil Society and Politics in Central Asia*. – London: Routledge, 2015. – P. 21–56.
9. Kudebayeva A., Sharipova A., Sharipova D. Social capital and subjective well-being in Central Asia. *Europe-Asia Studies*. – 2022. – Vol. 74, No. 1. – P. 101–124.
10. Sapsford R., Abbott P. Trust, confidence and social environment in post-communist societies // *Communist and Post-Communist Studies*. – 2006. – Vol. 39, No. 1. – P. 59–71.
11. Putnam R. D. *E pluribus unum: Diversity and community in the twenty-first century. Scandinavian Political Studies*. – 2007. – Vol. 30. – P. 137–174.
12. Kadyraliyeva A. M., Zholdubaeva A. K., Mukhanbet A., Isengalieva A. G. Origins of multiculturalism in Kazakhstan. *European Journal of Science and Theology*. – 2015. – Vol. 11, No. 4. – P. 213–224.
13. Knack S., Keefer P. Does social capital have an economic payoff? A cross-country investigation. *The Quarterly Journal of Economics*. – 1997. – Vol. 112, No. 4. – P. 1251–1288.
14. Alesina A. F., La Ferrara E. The determinants of trust // *National Bureau of Economic Research Working Paper*. – 2000. – No. 7621. – 46 p.
15. Costa D. L., Kahn M. E. Civic engagement and community heterogeneity: An economist's perspective. *Perspectives on Politics*. – 2003. – Vol. 1, No. 1. – P. 103–111.
16. Scheepers P., Schmeets H., Pelzer B. Hunkering down as disruption of community cohesion. *Procedia – Social and Behavioral Sciences*. – 2013. – Vol. 72. – P. 91–106.
17. Gijssberts M., Van der Meer T., Dagevos J. 'Hunkering down' in multi-ethnic neighbourhoods? *European Sociological Review*. – 2012. – Vol. 28, No. 4. – P. 527–537.
18. Hooghe M., Reeskens T., Stolle D., Trappers A. Ethnic diversity and generalized trust in Europe: A cross-national multilevel study. *Comparative Political Studies*. – 2009. – Vol. 42, No. 2. – P. 198–223.
19. Sturgis P., Brunton-Smith I., Read S., Allum N. Does ethnic diversity erode trust? Putnam's 'hunkering down' thesis reconsidered. *British Journal of Political Science*. – 2011. – Vol. 41, No. 1. – P. 57–82.
20. Dochow-Sondershaus S. Hunkering Down or Catching Up? No Long-Term Effect of Ethnic Minority Share on Neighborhood Contacts. *Sociological Science*. – 2024. – Vol. 11. – P. 965–988.
21. Radnitz S. The tyranny of small differences: The relationship between ethnic diversity and democracy in the former socialist bloc. *Demokratizatsiya*. – 2004. – Vol. 12, No. 4. – P. 575–606.
22. Bahry D., Kosolapov M., Kozyreva P., Wilson R. K. Ethnicity and trust: Evidence from Russia. *American Political Science Review*. – 2005. – P. 521–532.
23. Tatarko A., Mironova A., van de Vijver F. J. Ethnic diversity and social capital in the Russian context. *Journal of Cross-Cultural Psychology*. – 2017. – Vol. 48, No. 4. – P. 542–559.
24. Sharipova D., Burkhanov A., Alpeissova A. The determinants of civic and ethnic nationalisms in Kazakhstan: Evidence from the grass-roots level. *Nationalism and Ethnic Politics*. – 2017. – Vol. 23, No. 2. – P. 203–226.
25. Faranda R., Nolle D. B. Boundaries of ethnic identity in Central Asia: titular and Russian perceptions of ethnic commonalities in Kazakhstan and Kyrgyzstan. *Ethnic and Racial Studies*. – 2011. – Vol. 34, No. 4. – P. 620–642.
26. Radnitz S., Wheatley J., Zürcher C. The origins of social capital: Evidence from a survey of post-Soviet Central Asia. *Comparative Political Studies*. – 2009. – Vol. 42, No. 6. – P. 707–732.
27. Darменова Y., Koo E. Towards local sustainability: Social capital as a community insurance in Kazakhstan. *Journal of Eurasian Studies*. – 2021. – Vol. 12, No. 2. – P. 113–121.
28. Putnam R. D. Diversity, social capital, and immigrant integration. *National Civic Review*. – 2009. – Vol. 98. – P. 3–5.
29. Haerper C. et al. *World Values Survey Wave 7 (2017–2022) Cross-National Data-Set*. – Version 4.0.0. – World Values Survey Association, 2022. DOI: 10.14281/18241.18.
30. Budesu D. V., Budesu M. How to measure diversity when you must // *Psychological Methods*. – 2012. – Vol. 17, No. 2. – P. 215–227. DOI: 10.1037/a0027129.
31. Oka N., Ieda O. The 'Triadic Nexus' in Kazakhstan: A comparative study of Russians, Uighurs, and Koreans. *Slavic Studies*. – 2004. – Vol. 51. – P. 158.
32. An G., Becker C. M. Uncertainty, insecurity, and emigration from Kazakhstan to Russia. *World Development*. – 2013. – Vol. 42. – P. 44–66.
33. Brubaker R. Nationalizing states revisited: projects and processes of nationalization in post-Soviet states. In: *Nationalism, ethnicity and boundaries*. – London: Routledge, 2014. – P. 177–203.
34. Dave B. *Kazakhstan: Ethnicity, Language and Power*. – London: Routledge, 2007.
35. Faranda R., Nolle D. B. Ethnic social distance in Kyrgyzstan: evidence from a nationwide opinion survey // *Nationalities Papers*. – 2003. – Vol. 31, № 2. – P. 177–210.
36. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jane reformalar agenttiginin Ulttyq statistika byrosy. 2021 jylga amalghan resmi statistika [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Official statistics for 2021]. – Astana, 2021.